

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекелеуге әзірлік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 маусым N 721. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

Түркістан қаласының Орта Азия аймағы өміріндегі тарихи, мәдени және рухани роліне аса маңызды мән бере отырып және ел басшылығының ЮНЕСКО-ның атқарушы комитеті қолдаған бастамасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының, Мәдениет министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің, Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау орталық кеңесінің, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласы әкімдерінің, шығармашылық одақтардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ұйымдардың 1998 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына әзірлік және оны өткізу жөнінде республикалық мерейтой комиссиясы (бұдан былай - Республикалық мерейтой комиссиясы) құрылсын және оның дербес құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Республикалық мерейтой комиссиясы:

ЮНЕСКО-ның атқарушы кеңесіне Үкімет үндеуінің жобасында белгіленген тәртіппен әзірлікке арналған негізгі шараларды нақты өткізу мерзімі туралы бір ай мерзімде Үкіметке ұсыныс енгізісін;

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізу тұжырымдамасының жобасын қарасын және Үкіметтің бекітуіне енгізілсін;

Түркістан қаласының мерейтойына әзірлік және оны өткізу жөніндегі шаралар жоспарын бекітсін;

мерейтойлық монеттердің түрлерін шығару (айналысқа арналған монеттер, нумизматематикалық, Инвестициялық алтын монеттер) мен саны жөніндегі ұсынысты, оларды сатудан түсетін болжамды пайданы ескере отырып әзірлеп, үкіметке тапсырсын.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп Түркістан қаласына 1997 жылдан бастап республикалық бағыныстағы қала мәртебесін беру

туралы мәселені қарасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:
республика Үкіметінің ЮНЕСКО-ның 1998 жылғы шаралар жоспарына 1998 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына мерекелеуді енгізу туралы ЮНЕСКО-ның атқарушы кеңесіне үндеуін әзірлесін;

Қазақстан Республикасы Президентінің шет ел мемлекеттерінің басшыларына мерейтой шараларын өткізу және оған қатысуы туралы жолдауларының жобасын әзірлесін және республика Үкіметінің қарауына ұсынсын;

Республикалық мерейтой комиссиясымен бірлесіп мерейтой шараларына қатысу үшін шетелдік қонақтар квотасын айқындасын;

Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттеріндегі елшілері мен консулдарына Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізуге әзірлік және оған қатысу жөніндегі жұмысты бастау тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына арналған мерейтойлық монеттер жиынтығын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі туристік маршруттың тұжырымдамасын, оған аймақтың тарихи ескерткіштер жиынтығына: Сайрамдағы Ыбрайым ата мен Қарашаш ана кесенелеріне, Арыстанбаб, Отырар қаласының орнына, Сауран бекінісіне баруды енгізе отырып әзірлесін.

8. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы:
Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігімен, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласының әкімдерімен бірлесіп 1997 жылы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі кешенінің аумағында ғылыми-зерттеу, жаңғырту және мұражайландыру жұмыстары кешенін аяқтасын, Иассы-Шавгар-Отырар қалаларының орындары аумақтарына археологиялық, этнографиялық, топонимиялық зерттеулер жүргізсін. 1998 жылы дүниежүзілік ғылыми жұртшылық өкілдерінің қатысуымен, 1997 және 1998 жылдарға арналған бюджеттің жобасында Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ғылымға арнап көзделген қаражат шегінде Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған ғылыми мерейтойлық сессиясын шақырсын;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасымен бірлесіп мамандардың шетел ғылыми және тарихи-архивтік мекемелеріндегі Түркістан туралы архив материалдарының зерделенуін ұйымдастырсын және тиісті ғылыми-зерттеу материалдарының библиографиялық көрсеткіштерін

құрастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істер жөніндегі Ұлттық агенттігі Республикалық мерейтой комиссиясына мерейтойлық плакаттар, шақыру билеттерін және өзге де таныстыру материалдарын шығаруда көмек көрсетсін.

10. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі шығармашылық одақтардың, басқа да мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ұйымдардың қатысуымен:

Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласының әкімдерімен бірлесіп 1996 жылғы 1 шілдеге дейін Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі, соның ішінде бірінші кезектегі шараларды қаржыландыру жөніндегі Бірыңғай шығыстар сметасын қарауға және бекітуге тапсырсын;

мерейтойға арналған медальдардың, плакаттардың, шақыру билеттерінің және өзге де таныстыру өнімдерінің тізбесін айқындасын;

озық әдеби өнер және сәулет туындылары үшін, мәдениетті дамытудағы үлесі үшін, халықтар арасындағы өзара түсіністікке көрсеткен жәрдемі үшін Қожа Ахмет Иассауи атындағы жыл сайынғы сыйлықты белгілеу жөніндегі ұсынысты әзірлесін және Үкіметке енгізісін;

Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған фильмдер сценарийлеріне, пьесаларға, басқа да әдеби, сондай-ақ бейнелеу өнері туындыларына конкурстар өткізсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының және Түркістан қаласының әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі ұсынған Бірыңғай шығыстар сметасының негізінде Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеу жөніндегі шараларды өткізуге байланысты, оның ішінде бірінші кезекті шығыстарды қаржыландыруға арналған қаражат көлемін айқындасын және олардың 1997 жылдан бастап бюджеттің жобаларына енгізілу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына әзірлік жөніндегі бірінші кезектегі шаралар республикалық бюджетте көзделген тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың қаражатының есебінен жүргізіледі деп белгіленсін. <*>

Аталған шараларды жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік сатып алулар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып

алулар жүйесі туралы Ережеге және "Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1996 жылғы 24 шілдедегі N 925 қаулысымен бекітілген, аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) ұйымдастыру туралы Үлгі ережеге сәйкес конкурстық негізде жүргізісін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.04.

N 474 қаулысымен.

P970474_

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 10 маусымдағы
N 721 қаулысына
ҚОСЫМША

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық мерейтой комиссиясының

ҚҰРАМЫ

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
комиссия төрағасы

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Тұрысбеков З.Қ. - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, комиссия
төрағасының орынбасары

Аманшаев Е.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор
меңгерушісі, комиссияның жауапты хатшысы

Комиссия мүшелері:

Абаев Х.С. - Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы

Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары

Байпақов К.М. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Марғұлан атындағы Археология институтының директоры

Бердібаев Р.Б. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі

Уәлиханов Ш.Е. - Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы орталық кеңесі төралқасының төрағасы

Жұмағұлов М.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Аумақтық даму бөлімінің бас инспекторы

Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының Білім министрі

Ыбыраев Ш.А. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры

Қозыбаев М.К. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры

Қошанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы

Құлыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі

Құлмаханов Ш.Қ. - Алматы қаласының әкімі

Мамашев Т.А. - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі

Монтахаев К.Ж. - Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті

Мұхамеджанов Қ.М. - "Түркістан" газетінің редакторы, Қазақстанның халық жазушысы

Мұхамеджанов О.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі

Найманбаев Қ.Н. - Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы

Нысанбаев Р.Х. - Қазақстан мұсылмандарының муфтиі

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Рымжанов О.М. - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясының төрағасы, Қазақстан кинематографистер одағының

төрағасы

Рыс-ұлы М. - Түркістан қаласындағы Қ.Иассауи атындағы
халықаралық университеттің ректоры

Сүгірбаев С.Ш. - Түркістан қаласының әкімі

Сүлейменов Т.Б. - Қазақстан Дизайнерлер одағының президенті

Тоқаев Қ.Қ. - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
министрі

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі -
Ғылым академиясының президенті